



БЕЛГІЛІ ҚАЙРАТКЕР, ҒАЛЫМ ТӨЛЕГЕН ӘБДІСАҒИҰЛЫ 70 ЖАСТА

ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы 2015 жылғы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚазҰУ жанындағы ЭТФ ҒЗИ ғылыми жетекшісі Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловтың 70 жылдығына және ғылыми-педагогикалық қызметінің 50 жылдығына арналған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің, ҚР Жоғары мектебі ҰҒА Президиумы мен ҚР ҰҒА Президиумының салтанатты жиналысы өтті.



Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек, ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов, Парламент Мәжілісінің депутаты Гүлнәр Иксанова, Парламент Сенатының депутаты Асқар Мұсаханов, Алматы қалалық сотының төрағасы Ақжан Ештай, ҚР Білім және ғылым вице-министрі Тахир Балықбаев, Мәдениет және спорт министрлігінің өкілетті хатшысы Қуатжан Уалиев, ҚР ЖОО-ларының ректорлары, ғылыми-зерттеу институттарының директорлары және өзге де қоғам қайраткерлері қатысып, мерейтой иесіне жылы лебіздерін арнады.

Салтанатты жиында сөз бастаған ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанұлы: «Белгілі қайраткер, академик, ұстаз Төлеген Әбдісағиұлының еліміздің игілігі үшін жасаған еңбегі ұшан-теңіз. Бүгінгі ұйымдастырылып отырған жиында академиктің тынымсыз еңбек жолынан, киын да қызықты өмірінен естеліктер айтылып, құттықтау-тілектер жеткізілетін болады», – деді.

«Сіз – көрнекті ғалым, білікті педагог, іскер ұйымдастырушы ретінде білім мен ғылым саласын дамытуға мол үлес қостыңыз. Жетісу мемлекеттік университеті мен Қазақ ұлттық университетін басқарып, жас ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуына елеулі еңбек сіңірдіңіз. Ғылым саласындағы айрықша жетістіктеріңіз Мемлекеттік сыйлық және жоғары марапаттармен атап өтілді. ҰҒА академигі аталып, талантты шәкірттер дайындап, ғылыми мектеп қалыптастыруыңыз – үздіксіз ізденістеріңіздің жемісі. Зерделі зерттеулеріңіз табыспен жалғаса берсін!» – деді Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының арнайы құттықтау

хатын оқу барысында. Сонымен қатар қала әкімі Төлеген Әбдісағиұлының Қазақстан ғылымының дамуына қосқан орасан зор үлесі мен кванттық теория саласында ашқан жаңалықтарына ерекше тоқталды.

Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов – өрістің кванттық теориясы саласындағы аса ірі маман. 1986 жылдары Т.Ә. Қожамқұлов КСРО-да тұңғыш болып УКСР ҒА Теориялық физика институтында торлық калибрлік теория бойынша «Калибрлеулік өрісті торларда стохастикалық кванттау» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, 300-ге тарта ғылыми еңбектер жариялаған. Академик Қазақстанда ЖОО жанындағы алғашқы ҒЗИ болған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аясындағы Эксперименталдық және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтын құрушысы және алғашқы директоры болып қызмет еткен. 2003 жылы қайраткер Италияның Болонья қаласында Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қою нәтижесінде ҚазҰУ Қазақстан мен Орталық Азияда Болоньялық үрдістің толық құқықты қатысушысы болған тұңғыш ЖОО атанды. Қазақстанның Жоғары мектебінің заманауи әлемдік білім беру кеңістігіне тікелей интеграциялануына үлкен жол ашты. 2006 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ толағай табыстарының арқасында үздік университеттер қатарында алғаш рет ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсыруымен «Алтын сапа» сыйлығын иемденген.

Ұстаздың әріптестері, достары, шәкірттері жиылған салтанатты шара соңында мерейтой иесі жиналған көпшілікке алғыс айтып, ізгі тілектерін білдірді.

Қаламқас АМАНҚОСОВА

Ғалымға аудитория ашылды

ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының ұйымдастыруымен психология ғылымдарының докторы, профессор С.М.Жақыповты еске алуға арналған дәстүрлі халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.

Биылғы шара «Білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілетті тұлғаны дамытудың қазіргі тенденциялары» деген тақырыпты арқау етті. Сондай-ақ, шара аясында ғалымның артта қалған ұрпақтары мен ұстаздарының демеушілігімен факультетте «С.М.Жақыпов атындағы аудитория» ашылды. Аудиторияда ғалымның құнды еңбектері, колжазбалары, пайдаланған заттары, өмірінен, қызметінен сыр шертетін естелік суреттер орналастырылды.

Жалғасы 3-бетте

Ең үздік оқырман анықталды

Студенттердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың бастамасымен 2012 жылы «100 кітап» жобасы «Жас қазақ» газетінің ақпараттық қолдауымен әзірленді. Жоба аясында ҚазҰУ студенті оқуға тиіс үздік отандық және әлемдік классиктердің шығармалары таңдалғаны белгілі. Осы орайда Әл-Фараби кітапханасы жыл оқырман-студенттер арасында жалпыуниверситеттік «Кітап оқу лидері» атты сайысын ұйымдастырып, биыл екінші рет жоғары деңгейде өткізді.

Жастар жаппай компьютерлік технологиямен әуестенген кезеңде студенттер арасында рухани құндылықтарды өркендетуді мақсат еткен сайыс қыркүйек айынан бастау алып, жыл бойына созылды. Байқау үш кезең бойынша өтті. Бірінші кезеңде кітапхана оқу залдары мен абонемент қызмет көрсету орталықтарына, ҚазҰУ студенттерінің «Көмек» қоғамдық қоры мүшелері, студенттік декандар, факультеттердің белсенділеріне арнайы тапсырылған 15 сұрақтан тұратын сауалнама парақшалары кітапханаға келген студенттер арасында толтырылды.

Сауалнама қорытындысының нәтижесінде қазақ әдебиетінен – М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романы, М.Мақатаев пен М.Шахановтың өлеңдері, орыс әдебиетінен – Л.Н.Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілігі», әлем әдебиетінен – америкалық жазушы Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі, Д.Лондонның «Теңіз қорқауы» ҚазҰУ студенттері ең көп оқитын шығармалардың қатарына кірді.

Сауалнамаларды іріктеу барысында студенттің қанша кітап оқығандығын және сүйікті кітаптарының қысқаша сипаттамасын сауатты беруі, ойының ұшқырлығы, кітап оқуға деген құлшынысы мен қабілеттері ескеріліп, екінші кезеңге 50 үміткер өтті.

Екінші кезеңде «100 кітап» тізімінің негізінде 3 сұрақтан тұратын 100 билет дайындалып, әрбір қатысушыға шығармалардан үзіндіні табу және сұрақтарға жауап беру жүктелді.

Жалғасы 4-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ЖАСЫЛ КАМПУС –
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ДАМУДЫҢ ОҢ ШЕШІМІ



2-бет

КӨЗ – ҚОРҚАҚ,
ҚОЛ – БАТЫР



7-бет

ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ
ДВЕРЕЙ



8-стр.

ЖАСЫЛ КАМПУС – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ОҢ ШЕШІМІ

Осы аптаның Ғылыми кеңес және ректорат отырысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жасыл кампус тұжырымдамасы және университет қызметкерлерін аттестаттаудың қорытындылары күн тәртібіндегі басты мәселелер ретінде қаралды. Ректорат мүшелері қатысқан жиынды оқу ордамыздың ректоры Ғалым Мұтанұлы ашты.



Жиын барысында алғашқы хабарламаны ҚазҰУ-дың жасыл кампус тұжырымдамасы туралы география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы В.Г. Сальников оқыды. Ол: «Жасыл кампус тұжырымдамасын жүзеге асыру – қоршаған ортаны қорғауға салым енгізуге, өздігінен дамуға үстемдік орнату үшін қаржы үнемдеуге, білім мен тәрбие арқылы әлеуметтік әсер беруге, дамудың тұрақты үлгісін қалыптастыруға жаңа бағыттағы мүмкіндіктер туғызады. Жасыл университетте, жасыл кампус құру нәтижесінде экологиялық инфрақұрылымдар құру, қалдықтармен жұмыс жасау, электр қуатын үнемдеу, экологиялық транспорт ұйымдастыру, суды үнемдеу, ұтымды тұтыну және экологиялық оқыту сынды жұмыстардың жоғары деңгейде орындалуына ықпал жасайды», – деп сөз бастап, одан әрі кампус тұжырымдамасының 2016-2025 жылдар аралығында жоспарланған мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті.

Жасыл кампус хабарламасынан құлағдар болғаннан кейін, маңызды мәселенің бірі университет қызметкерлерін аттестаттаудың қорытындылары туралы хабарлама оқуға «Парасат» қызметкерлер кәсіподағының төрағасы Т.К. Мекебаев мінбеге көтерілді. Талғат Құмарғалиұлы: «Биылғы жылы қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациялау жұмыстары қарқынды түрде жүргізілді. Жұмыс барысын өткен жылмен салыстырғанда осы бағыты айқын әрі қызметкерлердің жұмыс сапасын арттыруы мен сынға деген жауапкершілігі өте жоғары деңгейде. 2015 жылдың 30 желтоқсанында бекітілген комиссия шешімі бойынша 300-ге жуық қызметкер аттестациядан өтіп, нәтижесінде сыннан өткендердің қатарында барлық талаптарға сәйкес деп танылған 2 қызметкердің лауазымын көтеру туралы ұсыныс жасалды», – деп хабарлады. Сонымен қатар комиссия мүшелері тарапынан хабарлама барысында алдағы уақытта біліктілік арттыру жұмыстары бойынша әр түрлі салаға байланысты семинар-тренингтерді жандандыру туралы жаңа идеялар айтылды.

Күн тәртібіндегі басты мәселелердің реті белгілі болғаннан кейін ректорат мүшелеріне 25-27 сәуір аралығында өткен ҚазҰУ делегациясының Әзірбайжан Республикасы, Баку қаласына барған сапарындағы «Өркениеттер Альянсының» гранд форумына қатысқандығы жайында шығыстану факультетінің ТҮРКСОЙ кафедрасының меңгерушісі

А.Ә. Тұрғанбаев есеп берді.

Ғылыми кеңесте университет ректоры Ғ.Мұтанұлы ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлын 70 жылдық мерейтойымен университет ұжымы атынан құттықтады. Сонымен қатар Әбу-Даби қаласында өткен бразилиялық джиу-джитсу бойынша кәсіби халықаралық әлем чемпионатында жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының ассистенті Әлия Алдиярова 55 кг салмақ категориясында күміс жүлдегер атанса, ЮНЕСКО-ның Қазақстандағы, Қырғызстандағы және Тәжікстандағы өкілі Андрей Шевелев 11 сәуірде өткен «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» студенттік форумының аясында жасалып, жіберілген сапалы суреттері үшін университет фотографы Марат Жүнісбековке алғыс білдірді. Сондай-ақ Марат Кеңесұлына Түркия елінен алғысхат келіп, жиын барысында табысталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының «ZemKad Клуб» студенттік-ғылыми үйірмесінің ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасының жер қорын тиімді пайдаланудың мәселелері» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелге қатысқан үйірме мүшелері қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру, соның нәтижесінде халықтың тұрмысын, әл-ауқатын жақсарту өндірістің еңбек, материалдық және табиғи қорларын тиімді пайдаланумен тікелей байланысты екенін, сонымен қатар қазіргі кезде және болашақта өндіріс қорларының барлық түрін кешенді, үнемді пайдалану мәселесін шешкенде ғана экономиканың даму қарқынын арттыруға болатындығын мәлімдеді. Бұл мәселенің шешімі ең алдымен табиғаттың қалыптас жағдайын сақтап, оның ресурстарын тиімді пайдаланумен тығыз байланысты деген тұжырымдама жасады.

Н.К. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА
«ZemKad Клуб» үйірмесінің жетекшісі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоғары оқу орындары арасында мәдениеттану мамандығы бойынша ұйымдастырған Республикалық пәндік олимпиада өз мәресіне жетті. Қазақстан республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл толуы қарсаңында өткізілген білгірлер сайысының сан сатылы кезендері де осы айтулы датамен байланыстырылды.

Бұл білім додасына алты команда қатысып, олардан: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – «Тенгри» құрамасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті – «Томирис» құрамасы, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институтынан келген «Отан сакшылары» құрамалары жүлделі 2-орынға ие болды. Қазылардың шешімімен бас жүлде қара шаңырағымыздың студенттеріне бұйырды. Мәдениеттану мамандығының 3-курс студенттерінен құралған «Жалын» тобы жеңістің тұғырынан көрініп, тағы бір мәрте университет студенттерінің үздік екенін дәлелдей түсті.

К.Ә. БИЯЗДЫҚОВА,
философия ф.к., доцент;
Р.С. УТЕШОВА,
3-курс студенті

Жақында дінтану мамандығының 1-курс магистранттары мен 2-курс студенттері оқытушылар – Б.Мейірбаев пен М.Жекебаеваның ұйытқы болуымен университетімізде игі дәстүрге айналған «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында қаламыздағы «Жанұя» балалар үйіне барып қайтты.

Қазақы ғұрпымызда да, мұсылмандық жолымызда да мұқтаж жандарға көмектесу аса сауапты іс болып табылады. Аталған балалар мекемесіне барғанда келген қонақтарды балалар үйінің меңгерушісі Бақытқұл Сапбекқызы күтіп алды. Ол ғимаратты аралатқыза отырып, келушілерді балалармен таныстырды. Жетім балаларға арналған бұл интернат үйде 3 жастан 18 жасқа дейінгі балалар тәрбиеленеді екен.

Магистранттар мен студенттер тәрбиеленушілерге түрлі тәттілер, жеміс-жидектер, ойыншықтар және қажетті тұрмыстық заттар әкеліп берді. Мейірімділік, имандылық сияқты ізгі қасиеттерді насихаттайтын «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында университетіміздің көптеген тәлімгерлері қамқорлық пен мейірбандықтың жоғары үлгісін көрсетуде.

Жанна ҚАҢТАРБАЕВА,
Дінтану және мәдениеттану кафедрасы;
Елнұр ӘСКЕНҰЛЫ,
Дінтану мамандығының 1-курс магистранты

ОЛИМПИАДА “АЛЬ-ФАРАБИ-2016”

4-6 апреля текущего года в КазНУ в рамках празднования 25-летия Независимости Республики Казахстан прошло официальное закрытие 3 этапа Республиканской олимпиады «Аль-Фараби-2016», которая проводилась совместно с Республиканским научно-практическим центром «Дарын» при содействии МОН РК.



Первый этап Республиканской олимпиады «Аль-Фараби» проходил с 10 по 11 февраля, а второй – 2 марта. На первом туре олимпиады количество участников составило 7654 школьников 11 классов: из Атырауской области – 252, Актюбинской – 785, Мангыстауской – 261, Западно-Казахстанской – 165, Восточно-Казахстанской – 517, Жамбылской – 344, Южно-Казахстанской – 1581, Кызылординской – 720, Алматинской – 797, Карагандинской – 463, Павлодарской – 165, Акмолинской – 248, Северо-Казахстанской – 228, Костанайской – 234, г. Алматы – 817, г. Астана – 76.

От общего количества участников первого тура на второй тур

олимпиады прошли 554 участника: из Кызылординской области – 34, Павлодарской – 19, Южно-Казахстанской – 99, г. Алматы – 80, Алматинской – 69, Актюбинской – 28, Жамбылской – 17, Западно-Казахстанской – 9, Акмолинской – 23, Карагандинской – 26, Восточно-Казахстанской – 42, г. Астана – 5, Костанайской – 29, Мангыстауской – 18, Северо-Казахстанской – 26, Атырауской – 9.

Второй тур прошел в режиме онлайн с применением современных дистанционных информационных технологий. От общего числа участников 77 учащихся прошли на третий тур. На третьем этапе очного тура стали

призерами I, II, III степени 17 участников. Особенностью этого этапа является, то, что по предметам естественно-математического направления тур проводится в виде решения теоретических и практических задач в современных учебно-научных лабораториях университета, а общественно-гуманитарного направления в виде написания эссе и ответов на теоретические вопросы, используя информационные и книжные ресурсы Научной библиотеки «Аль-Фараби». Для формирования практических навыков научно-исследовательской работы участники олимпиады дополнительно готовят исследовательский проект-реферат (не более 5 стр.) по предложенной тематике под руководством наставника-куратора (преподавателя, ведущего ученого КазНУ), который оценивается отдельно и учитывается в итоговой сумме баллов. Данный комбинированный подход проведения тура позволит оценить комплексные знания школьников и способности к самостоятельной исследовательской работе.

На всех этапах республиканской олимпиады организаторами и участниками были соблюдены все условия ее проведения, регламентированные Правилами организации и проведения Республиканской олимпиады «Аль-Фараби».

Именно заключительный тур олимпиады «Аль-Фараби» задает старт целому ряду мероприятий в виде международных конференций и форумов в рамках «Әл-Фараби оқулары», которые проходят в течение всего апреля месяца.

Центр профориентационной работы «Абитуриент»

ҚазҰУ мен ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды

ТІЛ-ҚҰРАЛ – ҚҰАТТЫ КҮШ

Жуырда ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінде Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Тіл-құрал – қуатты күш» XIX Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы өтті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы тарапынан ұйымдастырылатын кезекті шара бабында XIX «Аханов тағылымы» оқулары қабат өткізілді.

Орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының халықаралық қауымдастығы қолдауымен жыл сайын ұйымдастырылатын шараға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірге КИМЭП, Сүлеймен Демирел университеттері белсене қатысты. Конференция жұмысы «Тілдің қуатты күші және тіл қуаты», «Тіл – басты рухани құндылық», «Тіл және ұлттық сәйкестік», «Тіл және тіл таралымын жоспарлау», «Тіл оқыту әдістемесіндегі мейбүрлеуші және қозғаушы күш» сынды бағыттарда жүзеге асырылды.

Конференцияның басы филология және әлем тілдері факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлының конференция қатысушыларына арналған құттықтау сөзімен және жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі Мадиева Гүлмира Баянжанқызының алғы сөзімен ашылды.

Пленарлық мәжілісте көрнекті ғалым-филологтардың қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелеріне, оның ішінде, тілдік саясатқа, тіл

мен мәдениетке, өзгеріс үстіндегі мемлекеттер жағдайында тіл және әдебиет пәндерін оқыту әдістемесіне арналған баяндамалары тыңдалды. Осы орайда Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, филол.ғ.д. Бақытжан Хасанұлы «Көне ру-тайпа сөйленімдері – халықтық тіл ұстыны» атты баяндамасында: «Адамзаттың пайда болғанынан кейін 40 жыл бұрынғы ру-тайпалар тілінің негізі бүгінгі күнге дейін сақталған. Адамда екі тіл бар: бірі қаусырма жақ қызыл тіл болса, енді бірі адам миындағы тіл. Әр адам аузынан шыққан сөздің өзінің тілдік өзгешелігі болады. Дұрыс сөйленім шығу үшін мидағы тілдің қызметінің маңызы зор. Эволюциялық лингвистика, әлеуметтік лингвистика тұрғысынан алған кезде алдыменен қалыптасқан ортаға қарай сөйленімнің бұзылатындығына ешқандай күмән болмаса керек. Сол секілді кешегі өткен ру-тайпалардың тілінде өзіндік ерекшеліктер болған», – деп одан әрі ру-тайпалық тілдің тарихына шолу жасап, әр ортаға байланысты сөйленімдердің жасалуына тоқталып өтті.

Өз кезегінде «Концепт қонақ-жайлылық» тақырыбында баяндама оқыған Сүлеймен Демирел атындағы университет профессоры, филол.ғ.д. Ахметжанова Зәуреш Қанашқызы «Қазақта қонақтың екі түрі бар. Олар: арнайы шақырылған қонақ және құдайы қонақ. Біз қазақ ұлты қонақты күтіп, ілтипат көрсетуде алдына жан салмайтын халықтардың біріміз. Қонаққа қатысты ырым мен салт-дәстүрлерді бала күнімізден санамызға сақтап өсеміз. Бұған

біздің менталитетіміз тікелей ықпал жасайды», – деп сөз бастап, тіл мәдениетіндегі мәселелердің себептерін айтып өтті.

Сонымен қатар конференция барысында Ресей Ғылым академиясы Қоғамдық ғылымдардың ғылыми акпараттар институтының профессоры, филол.ғ.д. Эмма Борисовна «Языковые аспекты миграционных процессов: лингвоэкологические заметки» тақырыбында, Сүлеймен Демирел атындағы университеттің профессоры, филол.ғ.д. Ахметжанова Зәуреш Қанашқызы «Концепт қонақжайлылық» тақырыбында және КИМЭП университетінің профессоры, филол.ғ.к., PhD Жұлдыз Сағидоллақызы «Преподавание литературы на неродном языке: символические жест или педагогическая необходимость» тақырыбында баяндамалар оқыды.

Конференция одан әрі МАПРЯЛ Президиумының вице-президенті филол.ғ.д., профессор Сүлейменова Элеонора Дүйсенқызының «Тіл қуатты күш қоры ретінде және майда тілдің қуаты» атты және ҚР ҚҒА ғылыми-сараптама кеңесінің мүшесі, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филол.ғ.д., Шаймерденова Нұрсұлу Жамалбекқызының «Өзгерістеги парадигмалар жағдайындағы қазақстандық русистика» атты тақырыптардағы актілік дәрістерімен жалғасын тапты.

Қаламқас БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

АДАМЗАТ ТЫНЫШТЫҒЫ – АСЫЛ МҰРАТ

Елбасы Н. Назарбаевтың Вашингтон саммитінде жасаған манифесі – бұдан бұрын үнемі қозғап жүрген ядролық соғыс қаупінен адамзатты құтқаруға арналған түбегейлі тұжырым.

Соғыс қай уақытта да адамзатқа қайғы-қасіреттен басқа ештеңе әкелмейді. Ал қазіргі ядролық зымырандар, басқа да қуатты қарулардың зардабы ғаламды құртып тынатыны айқын. Адамзатты жаппай қырып жоятын ядролық соғыс қатері жер жүзі халықтарын қатты алаңдатып отыр. Бұл жерінде неше түрлі жойқын қаруы бар АҚШ, Қытай, Ресей, Иран, т.б. мемлекеттерге тиесілі десек те, баршаға қатысты, жер жүзіне ортақ төнер қауіп. Одан тек жаппай ауыздықтау арқылы ғана құтыла аламыз. Ол үшін уранды, т.б. пайдалы қазбаларды бейбіт мақсатта пайдалану қажет. Міне, оның адамзат үшін қандай қатерлі екенін сезінген Президентіміз Н.Ә.Назарбаев әлем алдында маңызды мәлімдеме жасады. Ол бүгінгі жер шары үшін бейбітшілік басты мұрат екенін Қазақстанның ядросыз мемлекет ретінде жасаған қадамдары арқылы дәлелдей келіп, батыл бағыт берді. Бұл манифест әлем халықтарына Қазақстанның сыртқы саясатының беріктігін көрсетеді.

Ендеше, Елбасының бұл қадамы бейбітшілік туын қолда берік ұстауға бекем екендігімізді білдіреді. Жер жүзінде әркез бейбітшілік салтанат құруы тиіс! Бұл – баршамыздың арман-тілегіміз, ізгі ниетіміз!

*Профессор Ә.С. ТАРАҚОВ,
аға оқытушы А.Ж. ЖАПАРОВА,
шетел филологиясы және
аударма ісі кафедрасының
оқытушылары*

Ғалымға аудитория ашылды

Жалғасы. Басы 1-бетте

Жиында сөз алған ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің деканы Ә. Масалимова: «Сатыбалды Мұқатайұлы – біздің факультетімізде жиырма жылдан астам уақыт еңбек еткен әрі ҚазҰУ-да қазақ психологиясының кәсіби негізін салушылардың бірі болды. Биылғы конференцияның бір ерекшелігі – бір топ шәкірттерінің үлкен ниетпен ғалым ағаға арналған аудиторияны ашу салтанаты. Әр шәкірт өз ұстазына осындай құрмет көрсетіп жатса, ол нұр үстіне нұр болар еді. Өкінішке қарай, білікті ғалым арамыздан ерте кетіп қалды, бірақ ол кісі негізін салған қазақ психологиясының мектебі, негіздері, осы кафедрада қалыптасып, әлі де талай мықты ғалымның өсіп шығуына септігін тигізеді», – деген ойымен бөлісті.

«Сатыбалды Жақыпов» атындағы аудиторияның лентасын қиған, педагогика және психология ғылымдарының докторы, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры Құбығұл Жарықбаев: «Жақыпов – қазақ психологиясының көрнекті өкілдерінің бірі де, бірегейі. Бізде осы ғылымда үш негізгі тарихи ғалым бар еді. Оның біріншісі педагогиканың негізін салған, академик Төлеген Тәжібаев болатын. Ол – педагогика ғылымы саласында Қазақстандағы тұңғыш доктор және академик. Екіншісі, психологияда артына өшпес із қалдырған Мұқанов. Оның 15-ке жуық еңбегі Мәскеуде «қазақ психологиясы» тақырыбында тұңғыш қорғалып, орыс ағайындарға



қазақты мықтап таныстырған еді. Ал, С. Жақыпов осы ара жолдың жалғай түскен үшінші ғалымға айналды. Өзінің саналы жұмырында Сатыбалды Жақыпов қазақ психологиясын сан жағынан да, сапа жағынан да дамытты. Қазіргі психологияның өзекті мәселелеріне арналған 50-ден астам кандидаттық және докторлық жұмысқа жетекшілік еткен бұдан басқа ғалым жоқ. Сондықтан, мына конференцияның өтуі өте орынды. Бұл кісінің бір ерекшелігі – этнопсихологияны таныту үшін орыс тілінде 20-дан астам ғылыми мақала жариялады. Соның әрқайсысында «жана ой» болды. Бұл

қазақтың педагогикалық этнопсихология дейтін саласын Қазақстанда ғана емес, ТМД елдеріне жеткізген ғалым», – деп ғалым туралы ойын ортаға салды.

Көзі тірісінде 2 монография, 21 оқу құралы, отызға жуық әдістемелік құралы және 280-нен астам ғылыми мақалалардың авторы болған ғалым Сатыбалды Жақыповтың ұсаздық кеменгерлігі де шәкірттерінің жүрегінде. Бүгінде профессор, ғалым атанып жүрген белді психологтардың өзі ағаның мектебінен шыққан шәкірттер екенін мақтан тұтып келеді. Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры,

шәкірті Нұргүл Токсанбаева: «Біздің кафедра ұстаздарының тең жартысы Сатыбалды Жақыповтың жетекшілігімен ғылым жолына түскен. Біз сондай тұлғаның парасатты білімі мен сауаттылығының арқасында бүгінде осындай биік жетістікке жеткенімізді әрқашан мақтан тұтамыз. Егер ізденемін деген студент болса, ағайдың қалдырған мұрасы өте көп. Ол кісі этнопсихологияны да, оқыту психологиясына да, экономикалық психологияны да, жас ерекшелігі психологиясын да, жалпы осы ғылымдағы барлық саланы қамтыған. Ағайдың «Бірлескен іс-әрекет жүйесінде диалогтық ойлау» деген негізгі тұжырымдамасы бар. Бұл тұжырымдама төңірегінде адам бір-бірін түсініп, олар бірлескен әрекетке түскенде жұмыс та, оқыту да жетістікке жететіндігін дәлелдеген. Сондықтан, ағайдың жасаған жұмысының қай-қайсысы болмасын ерекше», – деп атап көрсетті.

Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияда ғалымдар, оқытушылар, жас ғалымдар мен студенттер Сатыбалды Жақыповтың қазақ психологиясына қосқан зор үлесі туралы баяндамашылардың мазмұнды ойынан ой қорытып, конференция аясында шығарылған көлемді жинақтың құнды материалдарымен танысты. Әсіресе, жас ғалымдар үшін бұл конференцияның берері мол болды.

*Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Суреттерді түсірген автор*

ЗАЛОГ УСПЕХА – ЧИСТОТА

В апреле по инициативе ректора академик Г. Мутанова профсоюз «Парасат» работников КазНУ провел традиционный «Конкурс чистоты». Комиссия профкома определяла лучшую кафедру, лучший факультет, лучший учебный корпус, лучшее общежитие и лучшее структурное подразделение вуза.

Оценивались не только чистота помещений и территорий, но и озеленение, оформление, сохранность мебели и инвентаря. Комиссия профкома КазНУ под руководством председателя Т. Мекебаева пришлось обойти буквально весь университет. Председатель подчеркнул, что конкурс проводился в шестой раз, и за прошедшие годы он разительно изменился. Поменялось, прежде всего, отношение людей. Теперь для победы недостаточно только чистоты и красочного оформления. Нужно показать комиссии, что факультеты, подразделения, корпуса, кафедры и общежития не стоят на месте, они постоянно развиваются и совершенствуются. В этом году учитывалось и то, как соблюдается режим экономии – подразделения, где без надобности горели лампочки и текла вода из кранов, не имели шансов на победу. Все участники очень старались, поэтому в некоторых номинациях победителей оказалось несколько.

Лучшие кафедры, подразделения, факультеты, общежития и учебные корпуса были награждены во время празднования Наурыза. Ректор университета, академик Г. Мутанов лично вручил победителям Дипломы и ценные призы, выделенные профкомом. Все участники конкурса отметили, что именно такими мероприятиями, совместной работой на общее благо и поддерживается корпоративный дух университета.

В номинации «Лучший корпус» 3-е место разделили факультеты истории, археологии и этнологии, химии и химической технологии и журналистики. 2-го места были удостоены корпуса физико-технического факультета и ВШЭБ. Лучшим учебным корпусом назван корпус механико-математического факультета.

В соревновании за «Лучшее структурное подразделение» два третьих места разделили Военная кафедра и библиотека эл-Фараби. 2-е место присуждено Институту информационных технологий и инновационного развития. Лучшим структурным подразделением признан Издательский дом «Қазақ университеті».

В конкурсе на «Лучшее общежитие» третье место завоевали общежития №7 факультета биологии и биотехнологии и №5 физико-технического факультета. Второе место получило общежитие №15 факультета журналистики. Лучшим названо общежитие №8 механико-математического факультета.

В номинации «Лучшая кафедра» присуждено два третьих места – кафедрам истории Казахстана и общей и неорганической химии. Второе место получила кафедра русской филологии и мировой литературы. Победителями стали кафедры биоразнообразия и биоресурсов и гражданского права и гражданского процесса, трудового права.

В номинации «Лучший факультет» три третьих места разделили факультеты востоковедения, международных отношений и биологии и биотехнологии. Второе место получили юридический факультет и факультет филологии, литературоведения и мировых языков. Первое место завоевал факультет философии и политологии.

Председатель профсоюза «Парасат» работников КазНУ Т. Мекебаев отметил, что «Конкурс чистоты» будет проводиться и в дальнейшем, так как его пользу трудно переоценить, а лучшие подразделения всегда будут отмечены профкомом.

Ольга ЛОЖНИКОВА,
зам. председателя профкома
«Парасат» работников КазНУ

ЕҢ ҮЗДІК ОҚЫРМАН АНЫҚТАЛДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте



Қатысушылар тізімге енген ақындардың өлеңдерін жатқа оқып, берілген шығармалардан үзінді, монологтарды мәнеріне келтіре орындап, зеректігімен, өзіндік қарым-қабілетімен, талантымен танылды. Тартысты бәсекенің нәтижесінде қазылар шешімімен 18 студент келесі үшінші кезеңге жолдама алды. Үшінші кезеңнің шарты бойынша студенттер өзара пікірталас жасап, классикалық шығармаларды талдау барысында еркін дебат жасады. Қосымша қазылар алқасы тарапынан «100 кітаптан» тыс оқыған кітаптарыңыз туралы айтып беріңіз?», «Қандай жанрдағы туындыларға қызығасыз?», «Соңғы кезде оқып жатқан кітабыңыз туралы әңгімелеп беріңіз» деген сияқты көптеген сұрақтар қойылды.

Үшінші кезең бойынша студенттердің ең қызыққан, жақсы игерген шығармалары ретінде М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен М.Булгаковтың «Мастер и Маргарита» романы анықталды.

Қорытынды марапаттау кешінде қатысушылар өздерінің өнерлерін ортаға салып, көрерменді бір серпілтіп тастады. Журналистика факультетінің 1-курс студенті Қастай Дастан, физика-техникалық факультетінің 3-курс студенті Оман Забира, заң факультетінің 3-курс студенті Каримов Әділет бірігіп, Ш.Айтматовтың «Найман ана» әңгімесінің желісімен театрландырылған көрініс қойды. Айкүміс Бекентаева, Лесбаева Бағдат, Гүлсара Шалқар бастаған байқау қатысушылары мәнеріне келтіре өлең оқып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Сайыс нәтижесінде филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті Сман Жансая қазақ әдебиетінің классикалық шығармаларын дендеп оқығаны үшін «қазақ әдебиетінің білгірі» атанса, шығыстану факультетінің 3-курс студенті Аюпова Диярам орыс әдебиетінің классикасынан мүдірмей жауап бергені үшін қазылар тарапынан «орыс әдебиетінің білгірі» атанды. География және табиғатты пайдалану факультетінің 3-курс студенті Өрісбаева Камила тізімге енген ақындар шығармашылығын ерекше жатқа оқығандығы үшін «Өлең сөздің білгірі» атанса, механика-математика факультетінің 1-курс студенті Нұрлан Исанбек орта ғасырдағы жыраулар мұрасын терең игергендігі үшін «Ислам және сопылық әдебиет білгірі» номинациясына ие болды. Халықаралық

катынастар факультетінің 1-курс студенті Лесбаева Бағдат пен саясаттану факультетінің 1-курс студенті Муталип Ұлтай талғап кітап оқитын қасиеттеріне орай «Талғампаз оқырман» атағына ие болды. Шығыстану факультетінің 1-курс студенті Нұрбекова Диана әлемдік классикаға құмар екендігін танытып, «Шетел әдебиетінің білгірі» атанса, тарих, архелогия және этнология факультетінің 2-курс студенті Дәулетияр Дина жан-жақты қабілеті үшін «Полиглот оқырман» атанды. Биология және биотехнология факультетінің 1-курс студенті Алиясқарова Үміт те орыс классикасын жетік білгені үшін «Орыс әдебиетінің білгірі» болып табылды. Филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті Кенжеқожаева Алма шығарма құрылымын талдау қабілетіне орай «Эрудит оқырман» атанды. Сонымен қатар байқауға қосымша «100 кітап» негізінде «Менің шығармадан алған әсерім» атты эссе, пікір жазуға жеке байқау жарияланған болатын. Мұндағы мақсат – сапалы пікірлерді жинақ етіп шығару арқылы студенттері жобаға қызықтыру. Осы айдармен өткен жылы «Менің шығармадан алған әсерім» атты пікірлер жинағы және 100 кітап тізіміне енген кітаптардан «Қызықты үзінділер» шыққан болатын. Биыл да аталған дәстүрді жалғастырып, үздік пікірлер мен қызықты үзінділерді жеке-жеке екі жинақ етіп шығару жоспарланып отыр. Биылғы оқыған кітабы туралы пікірлер арасынан филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті Дүйсенов Еділбек тілінің шұрайымен, ойының үшқырлығымен ерекшеленіп, «Ең үздік пікір» иесі атанды. Номинация иелеріне жоғарыда көрсетілген демеушілер тарапынан сыйлықтар табысталса, «Ең үздік пікір» иесіне ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі мен «Қазақ университеті» газетінің атынан Гүл Құттыбекқызы арнайы жүлде табыстады.

ІІІ орынды Экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс студенті Бердібай Жазира, физика-техникалық факультетінің 3-курс студенті Оман Забира мен механика-математика факультетінің 1-курс студенті Тұрарбек Ернар иеленді. Жұлдені кештің құрметті қонағы филология ғылымдарының докторы, жазушы Нұрдәулет Ақыш тапсырды. ІІ орынды Экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс студенті Әубәкір Алтынбек, заң факультетінің 3-курс студенті Кәрімов Әділет пен химия

факультетінің 1-курс студенті Бекентаева Айкүміс бөлісті. Жұлдені кештің құрметті қонағы, байқау демеушісі экономика ғылымдарының кандидаты, деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасы Бимендиева Лейла Әбдірашқызы тапсырды.

Сонымен көптен күткен жыл оқырманы да анықталды. «Кітап оқу лидері – 2016» байқауының жеңімпазы журналистика факультетінің 1-курс студенті Қастай Дастан атанды. Жеңімпаз студент тізімнің 80 кітабын оқып, байқау талаптарының барлығына жауап берді. Жұлдені кештің құрметті қонағы, байқаудың бас демеушісі «Қазақ университеті» баспа үйінің директоры Асан Алмас Талғатбекұлының атынан мекеменің жетекші маманы Жылқайдарова Сауле Серікбайқызы тапсырды. Демеушілер тарапынан жас кәсіпкер «Step by step» тіл үйрету орталығының директоры Айбек Шегебаев үшінші, ІІ орын иегерлеріне 1 айлық, І орын иесіне 2 айлық тегін тіл оқуға мүмкіндік беретін сертификат табыстады.

Байқауға белсене қатысқан, ең көп үміткерлерімен ерекшеленген «Ең белсенді факультет» номинациясымен механика-математика факультеті алға шықты.

Сонымен қатар эл-Фараби кітапханасымен бірлесе іс-шара өткізіп, студенттермен тәрбиелік мәні зор кештер мен кездесулер, оқырмандар конференцияларын ұйымдастырумен ерекшеленген оқытушылар арнайы алғыс хаттармен марапатталды. Белсенді ұстаздардың қатарында механика-математика факультетінің аға оқытушысы Әбенев Болат Құсайынұлы, шығыстану факультетінің ұстазы Қортабаева Гүлжамал Қыдырбайқызы, физика-техникалық факультетінің оқытушысы Манапбаева Арайлым, ЖОО-ға дейінгі дайындық факультетінің аға оқытушысы Бегалиева Айша бар.

Кештің соңында байқауға қатысушы студенттер «100 кітап» тізіміне байланысты өздерінің ұсыныстарын жасады. Ұсыныстар тізімі арнайы слайд ақылы басқа қонақтар мен көрермендерге көрсетілді. Жана заманауи, материалдық құндылықтарға тәрбиелейтін кітаптардың тізімі жеке, діни әдебиеттер тізімі жеке жасалса деген ұсыныстар айтылды. Болшақта студенттердің ұсыныстары талқыланып, жана тізім жасау қолға алынбақ.

«Кітап оқу лидері - 2016» сайысының ұйымдастырылып жүзеге асуына жетекшілік еткен эл-Фараби кітапханасының директоры Туенбаева Қалима Төлеубайқызына және демеушілерге алғыс білдіреміз.

Ұзақ уақытқа созылған байқаудың нәтижесінде әр факультеттің студенттері жұдырықтай жұмылып, мақсаттары бір арнаға тоғысты. ҚазҰУ-дай ірі оқу орнының болашақ білікті маманы, елдің элиталары ретінде бір жерден табыла білді. Білім мен бірліктің басын біріктіре білген студенттер үлкен белестерді бағындырады деп сенеміз! Жыл өткен сайын «100 кітап» жобасы аясында «Кітап оқу лидері» сайысына қатысушы студенттердің қатары көбеюде. Сайыстың түпкі мақсаты да әрбір ҚазҰУ студентінің кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, кітап оқудың күнделікті дағдыға айналуына бағыт беру.

**Эл-Фараби кітапханасы,
сайыс ұйымдастырушылары**

Университеттегі 40 жылдан астам тарихы бар археология, этнология және музеология кафедрасы тарихшы, археолог, этнолог, музейтанушы мамандарды дайындауды жоғары сапамен қамтамасыз етуге бағытталған. Кафедраның негізін қалаушылардың бірі, осы қара шаңырақтың түлегі – тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Е.Елеуов.

АРХЕОЛОГИЯ МАЙТАЛМАНЫ



Ол архивтерде кітапханалардың сирек қорларындағы Қазақстанның ортағасырлық зерттелу тарихына қатысты құнды деректермен танысты.

М.Елеуовтың басшылығымен Қаратау мен Сырдарияның орта ағысында жүргізілген археологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде ғылымға белгісіз болып келген 2000-нан астам археологиялық ескерткіштер ашылып, зерттелді. Олардың қатарында әр түрлі тарихи кезендерден бүгінге дейін жеткен ескерткіштер, 150-ге жуық ортағасырлық қалалар мен елді мекендер бар. Оңтүстік Қазақстан облысының – Түркістан, Бәйдібек, Түлкібас, Созак, Қызылорда облысының – Шиелі, Жаңақорған, ал Жамбыл облысының – Жуалы, Жамбыл, Талас, Сарысу аудандарының – Қаратау мен Сырдың орта ағысында орналасқан ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің саны анықталып, олардың тарихи-топографиялық құрылымдары қайта зерттеліп, бірқатарына толықтырулар жасалды.

Ол – Қазақстанның ортағасырлық қалаларының тарихы мен керуен жолдарына арналған 450-ден астам ғылыми мақала, 4 монография және археологиялық зерттеулерге арналған бірнеше оқу құралдарының авторы. Ғалымның «Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары» (VI - XIII ғ.басы) атты монографиясы «Қазақ университеті» баспасынан 1998 жылы шықты. Еңбекте Шу мен Талас өңірлеріндегі орта ғасырлық қалалары мен елді мекендері, олардың тарихи-топографиялық құрылымдары туралы зерттеу нәтижелері қарастырылған. Сондай-ақ 2005 жылы «Ескерусіз қалған ескерткіштер», 2007 жылы «Қартаудың орта ғасырлық керуен жолдары», 2008 жылы «Қарақұр ескерткіштері» атты монографиялық еңбектері жарыққа шықты. Жоғарыда көрсетілген монографиялық еңбектерде Қазақстанның орта ғасырлық қалаларына жүргізілген археологиялық зерттеу нәтижелері, әртүрлі тарихи кезендерде қалыптасқан қалалар мен елді мекендердің пайда болу, қалыптасу, даму жолдары, елді мекендер мен қалалардың өзіндік ерекшеліктері, елді мекендер мен қалалардың қалааралық және аймақтық қорғаныс жүйесі және тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтау, қорғау және оларды насихаттау мәселелері көтерілген.

Мадияр Елеуұлы – еліне, жоғары білікті мамандарды дайындау ісіндегі еңбегі еленген, көптеген марапат иесі. М.Е. Елеуов жоғары оқу орнында табысты еңбек еткені үшін 2006 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен», 2009 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» төс белгісімен, 2010 жылы 7 желтоқсанда ҚР Президентінің Жарлығы бойынша «Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Бар ғұмырын ғылым мен білімге арнаған ғалым ағамыздың өмір жолы көпке үлгі.

Биыл мамыр айында мерейтойлық 70 жасын тойлап отырған Мадияр Елеуұлына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілейміз. Іргесі қаланған қазақ археологиясының ізін жалғастыруда үлкен жетістіктерге жетіп, биіктерден көріне беруіңізге тілектеспіз!

**Г. КОЗҒАМБАЕВА,
М. ДАУЫТБЕКОВА,**

*тарих, археология және этнология
факультетінің доценттері*

НАШ МИЛЫЙ УЧИТЕЛЬ

В коллективе колледжа КазНУ – праздник. Юбилей у самого опытного и мудрого коллеги. На протяжении 40 лет она неустанно дарит частичку своей души всем окружающим. Умная, эмоциональная, внимательная Майра Аханбаевна Кенебаева – учитель от Бога, который находится в вечном поиске и труде.

Древняя мудрость гласит: «Велик тот учитель, который исполняет дело, чему учит, владеет всеми секретами своей профессии, потому что добросовестно и успешно проходит все ее ступени». Свой педагогический путь Майра Аханбаевна начала в школе г. Кызылорда в далеком 1969 году – сразу же после окончания Кызылординского педагогического института им. Н. В. Тоголя по специальности «Учитель английского языка». Затем работала в Республиканской казахской специализированной музыкальной школе-интернат для одаренных детей им. А. Жубанова в качестве педагога-организатора по воспитательной работе, и по сей день остается верна своей профессии.

Учитывая профессиональную и возрастную специфику, М. Кенебаева составила программу 12-летнего обучения по английскому языку. Ею создана учебная организация «Атамекен ұлттық тәлім – тәрбие ордасы». Майра Аханбаевна – ведущий специалист в преподавании английского языка, талантливый педагог, прекрасный человек и мудрый наставник. Работая в колледже, неоднократно проводила интеллектуальные игры: «Знаешь ли ты Англию?», «Шекспировские вечера», вела организацию по подготовке к общеуниверситетскому мероприятию «Студенческая весна», в котором наш колледж получал на протяжении нескольких лет Гран-при.

Годы идут, и вот уже за плечами 40 лет ее педагогической деятельности. Все это время она трудилась честно и добросовестно, собирая по крупицам ценнейший опыт своих коллег и свой собственный, так как учителю необходимо идти в ногу со временем.

Более 10 лет назад М. Кенебаева вошла в наш коллектив. С первых дней она сумела обратить на себя внимание. Всегда приветлива, энергична, доброжелательна. Будучи человеком, увлеченным и целеустремленным, Майра Аханбаева заряжает интересом к своему делу всех окружающих. Вот почему вокруг нее всегда много и преподавателей, и учащихся, желающих принять участие в ее задумках. К главным ее качествам следует отнести также принципиальность и высокую требовательность ко всем и, прежде всего, к себе. Она дарит своим ученикам вдохновение, помогает им раскрыть свои таланты, найти себя в жизни.

Справедливо сказано, что писатель живёт в своих произведениях, художник – в картинах, скульптор – в созданных им скульптурах. А учитель – в мыслях и поступках людей. Майра Аханбаевна в педагогике не по должности, а по призванию. Принцип ее работы – вселить



в учащегося уверенность, дать почувствовать свою самооценку. Она старается научить понимать даже то, о чем не говорят, читать то, что не написано, то есть научить видеть, чувствовать, быть честными и искренними.

Уроки Майра Аханбаевна проводит увлекательно. Важную роль отводит самоконтролю и самооценке, умению осознавать значение предстоящей работы, подвести итоги выполненного задания. На ее занятиях существует свой особый климат, атмосфера доверия, искренности и симпатии во взаимоотношениях учителя и ученика.

Майра Аханбаевна Кенебаева – это опытный наставник молодых, думающий, плодотворно работающий, великий труженик, надежный друг и коллега. Многие годы она ставила оценки своим ученикам. Пришло время, когда они благодарят ее за доброе сердце, заботу, внимание, мудрые советы. За многолетний безупречный труд она награждена почетными грамотами Министерства образования, знаком «Отличник народного образования».

Дорогая Майра Аханбаевна! Мы, Ваши коллеги, сердечно поздравляем Вас с 60-летним юбилеем. Пусть Ваш педагогический талант, доброта и душевная щедрость еще долго остаются маяком для всех учителей и учеников. Примите от нас искренние пожелания: крепкого здоровья, творческих удач, чтобы на Вашем жизненном пути было больше понимания и тепла, работа приносила только радость и удовлетворение, а в Ваш адрес всегда звучали слова благодарности и признания. Благодарность учителю – это и есть самая высокая награда.

**КОЛЛЕКТИВ
КОЛЛЕДЖА КАЗНУ**

ТАЛАНТЛИВЫЕ СТУДЕНТЫ – КРЕАТИВНЫЕ СПЕЦИАЛИСТЫ

Сәби болғым келеді

КазНУ – это вуз с богатыми традициями, многолетним опытом учебной и научной работы. Это ведущее учреждение системы высшего образования страны, первым прошедшее государственную аттестацию, подтвердившее право на осуществление образовательной деятельности по всем специальностям и уровням, готовящее компетентных специалистов.



в фундаментальных исследованиях МОН РК, проводят различные студенческие олимпиады и участвуют в научно-исследовательских конкурсах. Они же являются организаторами ежегодной Республиканской олимпиады по специальностям: «ГиМУ», «Менеджмент», «Маркетинг».

На кафедре менеджмента и маркетинга – интересная и насыщенная студенческая жизнь. Функционируют студенческие научные кружки, а также студенты активно участвуют в КВН, дебатах, спортивных соревнованиях и конкурсах, турнирах по мини-футболу на «Кубок декана». Например, ознакомление студентами кафедры с деятельностью научного кружка «Маркетинговые исследования» дала возможность для поиска призвания молодого маркетолога, помогла студентам определить ключевые моменты принятия решений на пути к выбранной специальности.

Студенты активно принимая участие

в кружке, делают для себя определенные выводы касательно своей будущей профессии «маркетолог». Поэтому на кафедре обучаются целеустремленные, активные и креативные студенты. Многие из выпускников сейчас известны всему Казахстану, особенно в широких научных и бизнес-кругах. Они работают в Администрации Президента, Министерстве национальной экономики и финансов, Комитете по статистике РК, Национальном и коммерческих банках, страховых и аудиторских компаниях, а также в других учреждениях и предприятиях экономической отрасли Казахстана.

Е. Б. ЖАТКАНБАЕВ,

д.э.н., профессор,

кафедры менеджмента и маркетинга;

А. С. ТЫНЬБЕКОВА,

студентка 4 курса

специальности «Маркетинг»

Тағдырдың орны толмас тәлкегіне ұшырап, балалық шағында батпандай ауыр уайым мен шерді арқалаған, көз жанарлары жауаңдаған бүлдіршіндердің балалық бақытты сезініп жүргені шамалы. Мемлекет қанша жерден қайырымды болып, қамқорлыққа алса да, туған ата-анасының қайырымға, мейірімге толы ыстық алаңанын ешқашанда алмастыра алмайтыны сөзсіз.

Сол себепті жастардың бойында қайырымдылық пен ізгіліктің сезімін ұялатып, өскелең ұрпақты рухани жағынан тәрбиелеп, тағдыр тәлкегіне ұшырап, ата-ананың қарауынсыз қалған балаларға қоғамның назарын аудару мақсатында физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының студенттері мен оқытушылары ұйымдастырған «Сәбидің бәрі бақытты болу үшін жаралған» әдеби-сазды кештің айтары да осы еді. Бұл сұрақтарға жауап алу қиын, жауап алсақ та одан қорығында шығару мүмкін емес. Сондықтан әдеби-сазды кеште кафедрамыздың студенттері мен оқытушылары ұйымдастырылған қайырымдылық шараның негізінде бейнефильмдер жасап, соны жиналған қауымға осы өзекті мәелеге арналып жазылған акын, жазушылардың өлеңдерін, шығармаларын нақышына келтіріп оқу арқылы қайғыға толы үнсіз жүректерге тіл бітіріп жеткізгенде залда көріністің күәсі болғандардың көздеріне жас алмаған жан болған жоқ десек артық болмас. Жанары жасты, жүрегі жүдеу бүлдіршіндер саны бүгінгі таңда ресми деректердің айтуынша, 80-90 мыңның үстінде екен. Бұл кеште қойылған «тастанды бала» монологына қойылған көріністер, ақиық акын Мұқағалидың сөзіне жазылған «Сәби болғым келеді», «Мен деп ойна», «Бақытым менің» әндері орындалған да әрбір тыңдаушының жүрегі терлеп, қоғамның дертіне айналып бара жатқан күрмеуі жоқ жетімдер мәселесін үлкен ой тастады.

«Торғай екең торғай да, балапаның қорғайды. Ана безсе баладан, Бәрінен де сол қайғы...» деген өлең шумақтары үнемі жадымызда болса игі.

Е.ӘУБӘКІРОВ,

кафедра меңгерушісі

ПСИХОЛОГТЫҢ РӨЛІ ЗОР

Нағыз кәсіби мамандарды даярлайтын жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультетінде адамның күрделі де қызықты, шытырман мол рухани жан дүниесіне үңіліп, студенттерге бағыт-бағдар беріп, оның позициясында болатын, сезімдерін бағалайтын, кәсіби деңгейі, интеллектуалдық, шығармашылық деңгейі жоғары мамандар дайындалуда.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі Э.К. Қалымбетованың басшылығымен кафедрада отандық психология ғылымын дамытуда үлкен еңбек етіп жүрген, арнаулы мектебі бар ірі ғалымдар, жоғары білімді, білікті профессор-оқытушылар қызмет атқарады. Сонымен қатар бакалавриат, магистратура, PhD докторантура бағдарламалары бойынша білікті психолог мамандар дайындалады.

Оқуды бітіргеннен кейін психология бөлімінің түлектері келесідей салаларда: жоғары және орта оқу орындарында психология пәнінің оқытушысы; ғылыми қызметкер; фирмалар мен банктерде психолог-кәсіпші; практик психолог; денсаулық сақтау және білім беру жүйесінде, отбасы қызметтерінде және әлеуметтік салаларда практик-психолог болып қызмет ете алады. Біздің түлектерімізге жұмыс орындарынан сұраныс өте жоғары.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей психолог маманы орта білім беру мекемелерінде қызмет атқарады. Психологтың мақсаты – оқу барысында туындайтын қиындықтар мен олардың психологиялық себептерін анықтау, оңтайлы қарым-қатынас ұстанымдарын қалыптастыру, ата-ана, мұғалім, басқа да қызметкерлерге психологиялық қызмет көрсету. Әр оқушының бойындағы бар шығармашылық көздерін ашу, жаңалыққа дағен ұмтылыстарына дем беріп отыру арқылы біз өзіміздің қоғамдағы негізгі міндетіміз – адамзат баласын жаңа сапаға көтеруді табысты шеше аламыз. Психологтың баланы түсінуі – оның позициясында болуы, сезімдерін бағалап, әрекетін, ісін елеулі түрде қабылдау, ілтипат көрсету. Баланың көңіл құбылысын, жүрек тебіренісін, сезімі мен талпынысын түсінген педагог-психолог баянды тәрбиеге ие болып, білімді жетістікке қол жеткізеді. Оқытудың оқушылардың ішкі күштері мен потенциалдық мүмкіндіктерін жандандыра тындай, олардың дамуын жеделдететіндей етіп ұйымдастыру үшін психологиялық білім қажет.

Оқушылардың мамандыққа қабілеттілігін анықтау – мектеп психологының тікелей міндеттері. Яғни оқушының мамандықты таңдау барысына өзіндік үлесін қосып, дұрыс бағыт-бағдар бере алады. Себебі, кәсіби іс-әрекет қазіргі жас ұрпақ үшін өте маңызды.

Н.С. ЖҮБАНАЗАРОВА,

А.Т. КАМЗАНОВА,

философия және саясаттану факультеті

ІЗДЕМПАЗ СТУДЕНТІ

Адам – табиғаттың туындысы, онсыз өмір сүре алмайды. Кукашева Альмира Куановна табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен құштарлығының арқасында «Экология» мамандығын таңдап, ҚазҰУ-ға грантпен оқуға түсті.



Адам әлемнің біртұтас екендігін және адамзат біріге отырып қана әлеммен үйлесімді өмір сүре алатындығын Альмира бірінші курстан сезінді. Ол теориялық білімдерін Кербұлақ шатқалында, Ыстықкөл аймағында өткен оқу-дала практикасында жүзеге асырды.

Талантты студент өз жобасымен «Фараби әлемі» атты студенттік халықаралық ғылыми конференциясына, ҚР І Ұлттық экологиялық жастар форумының шеңберінде өткен

«Жастар. Экология. Мәдениет» ғылыми-тәжірибелік конференциясына, «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» атты халықаралық форумға, Республикалық пәндік студенттер олимпиадасына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. «Әлемді өзгертің келсе, өзіннен баста» демекші, Альмира – «Жастардың қалауы – жасыл университет» атты флешмоб, «Жасыл кенсе», «ҚР тұрақты дамуға өту барысындағы Жасыл экономика» және «Менің университетімді қалай жасылдандыруға болады» атты дөңгелек үстел, жыл сайын Қазақстан қағазы өткізетін «шыршаларды сақтайық!» атты экологиялық акциясына, эколог-студенттер арасындағы тәжірибе алмасу мақсатында «Алматы қаласының экологиялық жағдайы» тақырыбында пікірталас, жатақханаларда студенттердің экологияға деген сана-сезімін ояту аясында «Адам экологиясы» атты тәрбие сағаттарының белсенді қатысушысы.

Сондай-ақ ол «Сүт өнімдеріндегі тұрақты органикалық ластағыштарды анықтау жолдары» тақырыбында Физико-химиялық зерттеулер мен анализдер әдістерінің орталығында және «Антиген» ғылыми-өндірістік кәсіпорынында эксперименттік талдауларды жүргізіп, ғылыми жұмысының нәтижелерін баспаларда жариялады. Сонымен қатар, ҚР Энергетика министрлігі бастамасымен өткен «Экологиялық сараптама және табиғатты пайдалануды реттеу» атты семинарға да қатысты.

«Күш – білімде, білім – кітапта» деген өмірлік ұстанымы оны оқу мен ғылымда зор жетістіктерге талпындырып, биыл қыркүйек айында Президенттік шәкіртақы иегері атанды. Ол – өзінің біліміне сенеді және Отан алдындағы жауапкершілігін басты орынға қоя білетін ұлтжанды қазақ қызы.

Ж.Р. ТӨРЕҒОЖИНА,

«Юнеско және тұрақты даму»

кафедрасының профессоры



Мәкенов Әділ Саматұлы
1998 жылы 6 маусымда Шығыс Қазақстан облысы, Ақсуат ауданында дүниеге келген. Талапты жас мектеп қабырғасынан бастап өлең жазумен айналысады. Көптеген шығармашылық сайыстардың жеңімпазы. Бос уақытында шығармашылыққа ден қойып, әдеби кітаптар оқығанды ұнатады. Әділ бүгінгі таңда ҚазҰУ бейіндік мектебінің 11-сынып оқушысы. Болашақта Қазақстанның атақты тілшісі болуды армандайды.

ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҒЫМ

Ел болдық, еркін болдық астаналы,
Қазағым енді кімнен жасқанады?!
Егеменді ел болған қазағым,
Басқа жұрттар қызығып тамсанады.

Талай-талай қиындықты бастан кешкен,
Бұл қазағым жан алысып, жан беріскен.
Батыр, қайсар бабалардың арқасында,
Құрылдық үлкен ел боп қазақ деген.

Әлі де бар сол заманның қайғы-мұны,
Кеудемізде сызат болып қалып қойған.
Тарихта аты қалған бабаларды
Ұмытпаспыз, «алашым» деп қаза болған.

Алдымызда болашақ тұр жарқыраған,
Тізгінін Елбасымыз бізге ұстатқан.
Бірге жасай берейік сүйікті елмен,
Сүйікті елмен Абылай ата армандаған!

ЕЛБАСЫ

Елбасымыз Назарбаев атамыз,
Әр ісіне риза болып жатамыз.
Еліне адал, халқына адал Нұр-ата
Өзіңізге үлкен алғыс айтамыз.
Нұрын шашып қазақ үшін тер төккен,

Өз бақытын тапқан адал еңбектен.
Туған күнің құтты болсын Нұр-ата!
Құттықтаулар келіп жатыр жер-көктен!

Қазақ атын әйгілі етіп шетелге,
Сіз қазақты таныттыңыз әлемге.
Қазақ десен Назарбаев дейді екен,
Егіз атау айтылатын бар елде!

АНА ТІЛІ

Тілсіз адам аяғы жоқ мүгедек,
Тілсіз адам қанаты жоқ көбелек.
Ұша алмасаң өз тілінді қанат қып,
Онда сенің қазақтығың не керек?!

Ана тілі – бабаң тілің ол сенің,
Болашағың, тарихың ғой өткенің.
Ана тілін сыйламасаң, ей, ұрпақ!
Өз аңанды онда басқа тепкенің!

Ана тілде айбыны бар бабамның,
Мұң қайғысы осы тілде даламның.
Өз тілімнен өзім егер жерісем,
Өгей тілге қалай бала болармын...

Ана тілі кең даламдай жайдары,
Қоңыр желдей еркін есіп тұрады.
Домбыраның күмбір қаққан сазындай,
Ана тілдің биязы бір мақамы!

**НЕ ІСТЕЙМІН ІСКЕР ОРТАДА?!
МЕНЕДЖЕР БОЛСАМ МЕН ЕГЕР!**

*Ғылымда бүгін мол сала,
Игерер қиын болса да.
Берілген маған сұрақта,
Не істеймін іскер ортада?!*

*Қоғамда болса кем егер,
Түзелер бізбен сене бер.
Не істеймін іскер ортада?
Менеджер болсам мен егер!*

*Жүйені жасайм одан да,
Қалай да басшы болам да!
Орталық ашып ақысыз
Компьютер айтам қоғамға!*

*Жасаймын жетсем осымды,
Ойымда жүрген қосынды.
Кемшілдеу тұсты сынауда,
Көмекке тартам досымды.*

*Шешімін табар дау ақты,
Адамнан алып сауапты.
Болуым үшін мен басшы
Жұмысты жасайм жауапты.*

*Тобымда болмай шатынас,
Адам жоқ бұл күн ақылы аз.
Болуым үшін мен басшы,
Жасаймын дұрыс қатынас.*

*Қоғаммен бүгін кеме бір,
Тұрамын сөзде сене бер.
Жан-жақты ойлап тұратын,
Боламын озық менеджер!*

Алимахамад БЕКСҰЛТАН,
Мемлекеттік және жергілікті
басқару мамандығының
1-курс студенті

Халық өнері – асыл қазына

Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері, салт дәстүрі, тілі болатыны белгілі. Жұырда ғана университетіміздің студенттері тағы бір халықтың өнеріне куә болды. Оқытушылар мен студенттер Индонезия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастың 23 жылдығына орай ұйымдастырылған «Таңғажайып Индонезия» атты концерттік бағдарламасын көрді. Экзотикалық ел болып саналатын Индонезияның дәстүрлі инструменттері мен ұлттық би өнері, әндері ұсынылған кеш студент қауымының аталған елге деген қызығушылықтарын арттырды.

Концертті Индонезиядағы ең танымал «Bamboe Angklung Tentrem Индонезия» қысқартылғанда Бати деп аталатын елдің ұлттық инструменттерінен құралған топ ашты. 2010 жылдың 18 қарашасында ЮНЕСКО ресми түрде Angklung инструментін адамзат тарихының қайталанбас шедеві деп қабылдаған екен. Струналық дәстүрлі инструмент Sasando-ның сүйемелденуімен орындалған ән, Балиялық бидің ең ескі түрі болып саналатын Pendet шығармашылық биі, Sape атты дәстүрлі инструментпен көрсетілген өнер концерттік қойылымға ерекше сән берді. Pendet биін алғаш рет 1967 жылы Wayan Rindu деген индонезиялық биші орындаған екен. Тек қана ән мен би болған жоқ, сонымен қатар университетіміздің студенттері арасында Индонезия елінен хабарын білу мақсатында викториналық сұрақтар қойып, аталған елден әкелген естелік сыйлықтарын тарту етті. Студенттер Индонезия елінің өнерін тамашалап. Сол елге барып қайтқандай әсер алды.

А.Б. АЛТЫНБЕКОВ,
әлеуметтану және әлеуметтік
жұмыс кафедрасының оқытушысы
С.Қ. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
әлеуметтану мамандығының
4-курс студенті

КӨЗ – ҚОРҚАҚ, ҚОЛ – БАТЫР

«XXI ғасыр – ғылым мен білімнің жарысқан заманы», – деп Елбасы айтқандай, қара шаңырағымыз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алып жүрген студенттеріміз білім бәсекелерінде үздік нәтижелер көрсетіп, өнер сайыстарында да дес берген емес. Ал, спорттық додаларда өзге ЖОО-лар арасында оқ бойы озық тұр.



ҚазҰУ-дың әрбір студенті салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануға бейім. Сондай шәкірттердің бірі – физика-техникалық факультетінің 1-курс магистранты Гусманов Данияр Асылбекұлы. Орал қаласының тумасы Данияр бала күнінен спортты жанына серік еткен. Мектеп қабырғасында жүргенде бокс, күрес үйірмелерінде жаттығып, кәсіби түрде бапкерлерден сабақ алған. Жарыстарда топ жарып, бірнеше рет жеңімпаз атанған ол күнделікті таңертеңгісін 15 шақырым жүгіріп, күніне қала ішінде велосипедпен жүруді әдетке айналдырған.

Спорттың әр түрлі бағытын меңгерген Данияр қазіргі таңда өзін велошабандоз ретінде де сынап жүр. Велосипедті темір тұлпардың орнына қолданып, жақын досына айналдырған спортшының марафон ұйымдастыру көптен бергі арманы болған. Бұл арманының жүзеге асуына себепкер болып, ойдан іске көшу үшін ерекше шабыттандырған елімізге белгілі веломарафоншысы Түгелбек Қасымов ағамыздың бір ауыз сөзі екен. «Көз – қорқақ, қол – батыр» демекші, Данияр тәуекелге бел буып

бастапқы қадамына барып та үлгерген. Ағымдағы жылдың наурыз айында жас веломарафоншы алғашқы сапары – алмалы қала Алматыдан шырайлы шаһар Шымкент арасын жалғаған күре жолды велосипедпен жүріп өтті. Көздегені ойдағыдай орындалған ісін Данияр сенімнің арқасы деп түсіндіреді: «Түгелбек ағамен алғаш танысып, осы ойымды айтқанымда, ол кісі мені бірден құптады. «Қалаған жанның қолынан бәрі келеді. Алған бетіңнен қайтпа», – деді. Менің бұл қадамым таныстарым, достарыма күлкілі көрініп, олар маған сенбеді. Анығын айтқанда мазақ қылды. Индия мемлекетінен Мәскеу қаласына көлікпен келген бір досымнан қасыма еруін өтіндім. Ол: «Мен бара алмаймын, қауіпті, сенің жетуің де екі талай», – деп қарсылық танытты. Физикалық, моральдық

тұрғыдан дайын болдым, бірақ бойымды бір қорқыныш сезімі биледі. Жалғыз өзім, ұзақ жол, ата-анам білмейді. Бірақ менің ішкі түйсігім сенім сыйлады. Осылайша, қорқынышымды батылдыққа жеңдіруге тырыстым. «Амалдар ниетке байланысты» дейді ғой, сапарым сәтті аяқталды. Мен сапарға аттанғалы жатқанымда Түгелбек аға: «Қазақстан емес, ғажапстанға жасағалы отырған сапарың оң болсын!» – деп тілек білдірді. Алматы - Шымкент сапарында мен еліміздің небір сұлу әрі көрікті жерлерімен таныстым. Өзімнің осындай қасиетті әрі керемет табиғаты бар елде тұрып жатқанымға көз жеткіздім. Бұған дейін неге білмедім деген өкініш кеудемді кернеді. Шынында да бұл ғажапстан болды. Барлық Алматы облысын, одан әрі Жамбыл облысының жарты бөлігін және Қордай шекарасымен Бішкек еліне шықтым. Күтпеген жерден мені қырғыз ағайындар қарсы алып, қонақ қылды. Сапар барысында көптеген адамдармен кезіктім, жақсы адамдар көп болды», – деп алған әсерімен бөлісті.

Атап өтерлігі, спортшы алғашқы сапарын ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдық және сүйікті қаласы Алматының 1000 жылдық мерейтойына арнайтындығын айтып, сөзінің соңында «Мен өз еліме деген махаббатымды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Алматыдан Шымкентке шеккен сапарым менің Отанға деген сүйіспеншілігімді еселей түсті. Көп қаражат төлеп, шетелдік шипажайларды жағалап жүрген отандастарыма: – Жерұйықты алыстан іздеп сабылмандар, жерұйық – біздің Қазақстан! – дегім

келеді», – деп барлық жастарды Отанды сүйеге, елін құрметтеуге, ұлтын ұлықтауға шақырды.

Иә, «Әр адам – өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді – сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп, өрнектеуге еңбек етеді», – деген екен Ғабит Мүсірепов ағамыз. Өмірім қалай суремін, қай бағытқа бұрамын, қандай ұстаным ұстанамын десе де әр адамның өз еркі. Адам өмірі белгілі бір шақтардан құралған. Сол шақтардың ішінде ең аяулысының бірі – жастық шақ. Жастық шақта жалынмен кез келген тұлға қалағанын алу үшін тауға да шығады, қырға да барады. Бұған дәлел, Данияр Асылбекұлының үлгі боларлық мына бір ісі. 730 шақырымды велосипедпен жүріп өткен жас веломарафоншы алдағы уақытта мотоциклмен Қазақстанды түгелдей аралап шығуды жоспарлап отыр.

Қаламқас АМАНҚОСОВА



ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ

В преддверии празднования знаковых дат в истории нашего государства – 25-летия Независимости Казахстана, 24-й годовщины создания Вооруженных Сил Республики Казахстан, 71-й годовщины Великой Победы на военной кафедре КазНУ проведен комплекс мероприятий по пропаганде героического прошлого, боевых и трудовых подвигов нашего народа, повышению имиджа Вооруженных Сил Республики Казахстан.



На военной кафедре КазНУ обучаются студенты по 14 военно-учетным специальностям. С 2015 года на военную кафедру впервые осуществлен набор девушек по трем вновь введенным военно-учетным специальностям.

При показе учебно-материальной базы военной кафедры, старшеклассники ознакомились с именными аудиториями народных героев Казахстана Б. Момышулы и С. Нурмагамбетова, учебными аудиториями по тактической, технической, огневой подготовке, военной топографии и связи. Была продемонстрирована учебно-боевая техника мотострелковых войск и войск

ПВО СВ. Особый интерес школьники проявили к работе интерактивного лазерного тира и динамического тренажера БМП-2, электронного тренажера ПЗРК (переносной зенитный ракетный комплекс). В завершение мероприятия, студентами и студентками военной кафедры были показаны строевые приемы, прохождение торжественным маршем с исполнением песен.

Э. А. БЕЙСЕТБАЕВА,
начальник отдела
военно-патриотической
и оборонно-массовой работы
военной кафедры КазНУ

Қазақстан территориясында жыл сайын кене шағуы арқылы жұғатын аурулар тіркеледі. Ондай аурулар қатарына Конго-Қырымдық геморрагиялық қызба (КҚГҚ), кенелік энцефалит, кенелік риккетсиоз, кенелік боррелиоз жатады. Бұл аурулар кененің белгілі бір түрлері тараған, инфекция қоймалары болып табылатын аймақтарда кездеседі, соның ішінде кенелік энцефалитке тоқталсақ...

Кененің шағуы қауіпті болуы мүмкін...

Бүгінгі таңда қаламызда кене энцефалиті ауруының эпидемиологиялық-энтотомологиялық жағдайы қолайсыз. Кенелік энцефалит (көктемгі-жазғы энцефалит) – орталық және шеткі жүйке жүйесін зақымдайтын вирустық инфекция. Желел инфекцияның ауыр асқынулары өлімге де әкелуі мүмкін. Кенелік энцефалит вирусының табиғаттағы басты қоймасы мен тасымалдаушысы – иксод кенелері. Энцефалит вирусын тасымалдаушы кене шағудың 20-30% жағдайында адам өте ауыр кеселге ұрынып, сал ауруына шалдығып, мүгедек болып қалуы, тіпті өлімге ұшырауы мүмкін. Оның басты себебі – дезинсекция уақытында жүргізілмеуінде болып отыр. Ауру кене шаққанда жұғады. Кеселдің алдын алу үшін олардың табиғи ошақтарын залалсыздандырып отыру қажет. Алматы қаласында кенелердің көп шоғырланған жерлері болып Медеу, Бутаковка, Көктөбе, Шымбұлақ, Алмаарасан аймақтары болып табылады. Жыл сайын кене шағудың алдын алу бойынша дератизациялық және дезинсекциялық шараларды ұйымдастыру жүзеге асырылады. Жылына бұл шаралар 2 рет жүргізіледі, көктем және жаз айларында, яғни сәуір айында 1 тур және маусым айында 2 тур өткізіледі.

Тұрғындарға тауға шаққанда, далаға, саяжайға барғанда төмендегі сақтық шараларын ескерген жөн:

Жеке бас гигиенасын сақтау керек. Кене шағудан қорғану үшін арнайы киім кию.

Кенеден сақтанатын репелленттік заттар қолдану.

Үйге келген соң, киімді қағып, сілкіп жуу.

Себіндіге түсіп жуыну. Кене қауіптілігіне байланысты есте сақтаныңдар:

Ешуақытта қолмен кенені алмаңдар. Кененің басы теріге кірген жеріне өсімдік майын тамызып, күту қажет, өзі түседі.

Кене шаққан жерін йод ертіндісімен сүрту керек.

Егер денеге жабысып тұрған кенені байқасаңыз, жедел дәрігерге көріну қажет. Мұндай жағдайда Алматы қаласы Бостандық ауданында тәулік бойы, ақысыз жедел жәрдем көрсететін ауруханалардың травматология бөлімдері жұмыс жасайды. Олар: Орталық қалалық клиникалық аурухана және Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығы болып табылады.

С.К.ТІЛЕУБЕРГЕНОВА,
Бостандық аудандық
ТҚКБ бас маманы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «Miss KazNU – 2016» байқауы өз мәресіне жетті. Екі айға созылған байқау нәтижесі бойынша 200 үміткердің арасынан 16 ару іріктеліп, ақтық финалда өз өнерлерін қалың көрерменге паш етті.

Miss KazNU – 2016



қойылған сұрақтарға мүдірместен жауап берді. Ал байқаудың басты талаптарының бірі соңғы кезең – өнер сайысында бірі Гүлназ бен Оралдың махаббатын сомдаса, енді бірі аспанға көтеріліп ән шырқады. Бірі мың бұрала шығыс биін билесе, бірі Майкддың стилінде өнер көрсетті.

Аталмыш сынға қазақ эстрадасының өнер жұлдыздары, кәсіби фотограф-стилисттер, университет жастар ұйымының басшылығы қазылық етті. Әділ-қазылар шешімі бойынша 16 үміткердің арасынан суырылып шығып халықаралық қатынастар факультетінің

студенті Жанерке Амірзаданова екінші вице-мисс атанса, бірінші вице-мисс титулын шығыстану факультетінің студенті Ақдидар Сұлтанова иемденді. Ал байқаудың шын жүйрігі деп танылып, «Miss KazNU – 2016» атағын химия және химиялық технологиялар факультетінің студенті Шырын Ақпар жеңіп алды. Өзге қатысушылар да назардан тыс қалмады. Барлық қатысушыларға әр түрлі номинациялар тағайындалып, құнды сыйлықтар тарту етілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Қаламқас АМАНҚОСОВА, Елдана ТОҚБАЙ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №278

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.